

Текелі қаласы бойынша жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2016 жылғы 27 қазандағы № 8-44 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 23 қарашада № 4015 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2018 жылғы 26 маусымдағы № 26-167 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 26.06.2018 № 26-167 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 387-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Текелі қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде, Текелі қаласы бойынша жер салығының мөлшерлемелері "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 379, 381, 383-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерінен 20 п а й ы з ғ а ж о ғ а р ы л а т ы л с ы н .

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік кірістер комитеті Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Текелі қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысына (келісім бойынша Қ. Д. Нұрғалиев) осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және қалалық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Текелі қалалық мәслихатының "Бюджет және экономика мәселесі бойынша" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім 2017 жылдың 01 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

*Текелі қалалық мәслихаты
сессиясының төрағасы
Текелі қалалық
мәслихатының хатшысы*

В. Стрельцов

Н. Калиновский

Текелі қалалық мәслихатының 2016 жылғы 27 қазандағы "Текелі қаласы бойынша жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" № 8-44 шешіміне келісімі

"КЕЛІСІЛДІ"

*"ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер
комитеті Алматы облысы
бойынша Мемлекеттік кірістер
департаментінің Текелі қаласы
бойынша Мемлекеттік кірістер
басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы
"Текелі қаласының жер
қатынастар бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы*

Нұрғалиев Қанабек Досжанұлы

Есболатов Болат Бүркітбайұлы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК